

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 288 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 6534 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 59 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 08.04.2021 № 59 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы №282 "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мандерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11245 тіркелген) бұйрығын басшылыққа ала отырып, Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту жөніндегі Комиссияның ұсынымы негізінде Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары М.Н. Манкеевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Г. Искалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2020 жылғы

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері

№	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары	Әкімшілік-аумақтық бірлік	Бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшері, теңге килограммына	Қолданылу мерзімі
1	Картоп	Батыс Қазақстан облысы	122	9 0 күнтізбелік күн
2	Басты пияз	Батыс Қазақстан облысы	117	9 0 күнтізбелік күн
3	Сәбіз	Батыс Қазақстан облысы	121	9 0 күнтізбелік күн